

**«Молдір бұлақ» бобекжай-бақшасы**

**Кенес беру:**

**«Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын білесің ба?**

**Жауапты: А.Есиркепова**

**Қайрат ауылы**

## Анықтама

Қатысушылар: 4

Күні: 18.12.2025 ж

Қатысқандар: 4

Қатыспағандар:

Тақырыбы: Кеңес беру «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын білесің ба?

### Мақсаты:

Ата-аналарды «Беске дейін үлгер» қосымшасымен таныстыру, оның бала дамуына тигізер пайдасын түсіндіру, отбасылық тәрбиеде тиімді қолдану жолдарын ұсыну.

### Іс-шара барысы:

Кіріспе бөлім әдіскер сәлемдесті. Тақырыптың өзектілігіне тоқталып, қазіргі заманда баланың алғашқы 5 жасындағы дамуы өте маңызды екенін атап өтті. «Беске дейін үлгер» қосымшасы ата-анаға осы кезеңде бағыт-бағдар беретін құрал екенін түсіндірді.

**Негізгі бөлімде әдіскер А.Есиркепова** қосымшаның қазақ тіліндегі отбасылық қолдау құралы екенін, ерте жастағы баланың тілдік, танымдық, әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналғаны жайлы ақпараттарға тоқтала келе қосымша жайлы жалпы түсінік берді. Соның ішінде мүмкіндіктері, ата-анаға пайдасы жайлы да айтылды.

**Практикалық бөлімде** қосымшадан «Баламен бірге санау ойыны» және «Заттарды ажыратып айту» ойындарын ата-аналармен бірге орындатып көрді.

Өзара қысқаша талдау жасау арқылы баланың дамуына қалай әсер ететіні жайлы ой бөлісті.

### Қорытындысы:

Қорытынды бөлімде ата-аналарға қосымшаны жүктеп күнделікті қолдану ұсынылып, кеңестер берілді.